# Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасын "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы етіп қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 31 тамыз N 822

"Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының құрылымын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 31 тамыздағы N 4034 U984034_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық басқармасы жарғылық капиталына мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы болып қайта құрылсын.

2. "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына мемлекеттің жарнасы ретінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі Шаруашылық басқармасының балансындағы мүлік, қосымшаға сәйкес тізбе бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың және өзге де ұйымдардың мүлкі берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен бірлесіп мүлкі мемлекеттің жарнасы ретінде "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілетін республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарға қатысты қажетті қайта құру рәсімдерін жүргізсін;

2) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі Шаруашылық басқармасының "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы болып қайта құрылуына байланысты осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне ие болу, пайдалану және басқару жөнінде өкілеттік берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 31 тамыздағы
N 822 қаулысына
қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.05.26. N 639 қаулысымен.

P990639_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.17. N 784 қаулысымен.

P990784_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.17. N 1401 қаулысымен.

P991401_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.22. N 1765 қаулысымен.

P991765_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.07. N 1680 қаулысымен.

P001680_

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.29. N 1781 қаулысымен.

P001781_

Мүлкі мемлекеттің жарнасы ретінде "Шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамына берілетін республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

Үкімет резиденцияларының бірлескен дирекциясы
құрамында:
Бас меймандық резиденция
N 1-4 резиденциялар

N 7 резиденция
Қабылдау үйі

"Қапшағай" резиденциясы
"Арман" демалыс үйі
құрамында:
N 6 резиденция
N 8 резиденция
N 9 резиденция
Кіші резиденция
Қазақстан Республикасының Президенті резиденциясының N 1 асханасы
"Жалын" мейрамханасы
Саяжайлық шаруашылық
"Алмалы" демалыс үйі
құрамында:
Қонақ үй кешені
Саяжайлық шаруашылық
"Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Өндірістік-пайдалану бірлестігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мына

мекен-жайлар бойынша ғимараттармен бірге:

Республика алаңы, 15

Желтоқсан көшесі, 115

Желтоқсан көшесі, 118
Сейфуллин көшесі, 460

Әйтеке би көшесі, 62/94
Наурызбай батыр көшесі, 65/69
Панфилов көшесі, 106а, 106

Желтоқсан көшесі, 96

Гоголь көшесі, 111 - бұрынғы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің гараждары

Бөгенбай батыр көшесі, 142

"Іскер" халықаралық ынтымақтастық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

N 1 автошаруашылық

Қарашеңгел мемлекеттік аңшылық шаруашылығы

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету кәсіпорны

Жөндеу-құрылыс басқармасы

"Алатау" совхозы

"Тау күні" балалар сауықтыру лагері

N 1 бөбек-бақша

N 212 бөбек-бақша

N 239 бөбек-бақша

Ателье

Кинобейне қызмет көрсету дирекциясы

"Панфилов" асыл тұқымды мал зауыты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК